



беру тәртібін айқындайды.

1. Қор акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) Заңның 45-1-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, оны ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхатпен өтініш жасайды.

2. Қордың ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхатына және Заңның 45-1-бабының 1-тармағы екінші бөлігінің 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. Қорды ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхат Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

4. Ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қордың басшы қызметкерлері мен акционерлеріне жіберіледі.

5. Қорды ерікті түрде таратуға рұқсат мынадай негіздер:

1) Заңның 45-1-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсыну;

2) берілген құжаттардың Қазақстан Республикасының зейнетақымен камсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес келуі;

3) Қордың міндеттемелері бойынша есеп айырысулар үшін қаражатының жеткіліктілігі бойынша беріледі.

6. Қор уәкілетті органның ерікті түрде таратуға рұқсатын алғаннан кейін бұрын берілген лицензиялардың түпнұсқаларын осы шешім күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Комитетке қайтарады.

Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидаларына қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау комитетінің  
төрағасына

**Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы  
ӨТІНІШХАТ**

(өтініш берушінің атауы)

жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысының

-----  
( ө т к і з і л е т і н о р н ы )

\_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорын \_\_\_\_\_

жинақтаушы зейнетақы қорының атауы ерікті түрде таратуға рұқсат беруді сұрайды. Жинақтаушы зейнетақы қоры өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың Комитетке уақтылы берілуіне толығымен жауап береді. Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек): Жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), аталған өкілеттіктерді алуға негіз болып табылған құжатқа сілтеме)

-----  
(қолы)

-----  
мөр